

Теміржол вокзалы кешенінің және кейбір теміржол станцияларының атауларын және кейбір теміржол станциялары атауларының транскрипциясын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 703 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес теміржол вокзалы кешенінің және теміржол станцияларының атаулары өзгертілсін.
2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес теміржол станциялары атауларының транскрипциясы өзгертілсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 23 қазандағы
№ 703 қаулысына
1-қосымша

Атауы өзгертілуге тиіс теміржол вокзалы кешені мен теміржол станцияларының тізбесі

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша

жаңа темір жол вокзалы кешені – Нұрлы жол теміржол вокзалы кешені

Ақмола облысы бойынша

Ақмола облысының тасымалдау бөлімшесінің Астана Нұрлы-жол теміржол станциясы – Нұр-Сұлтан Нұрлы жол теміржол станциясы

Ақмола облысының тасымалдау бөлімшесінің ОП-39 теміржол станциясы – Өндіріс теміржол станциясы

Ақтөбе облысы бойынша

Ақтөбе тасымалдау бөлімшесінің Компала теміржол станциясы – Көкала теміржол станциясы

Жамбыл облысы бойынша

Жамбыл тасымалдау бөлімшесінің Луговая теміржол станциясы – Түркісіб теміржол станциясы

Қарағанды облысы бойынша

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Весна теміржол станциясы – Ақжолтай теміржол станциясы

Қарағанды тасымалдау бөлімшесінің Промежуточная теміржол станциясы – Мыңбала теміржол станциясы

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Солтүстік Қазақстан тасымалдау бөлімшесінің Новоишимская теміржол станциясы – Жаңаесіл теміржол станциясы

Солтүстік Қазақстан тасымалдау бөлімшесінің Володарское теміржол станциясы – Саумалкөл теміржол станциясы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Шығыс Қазақстан тасымалдау бөлімшесінің Серебрянка теміржол станциясы – Күмістау теміржол станциясы

Шығыс Қазақстан тасымалдау бөлімшесінің Селезновка теміржол станциясы – Көкжиек теміржол станциясы

Шығыс Қазақстан тасымалдау бөлімшесінің Огневка теміржол станциясы – Таусамалы теміржол станциясы

Шығыс Қазақстан тасымалдау бөлімшесінің Зыряновск теміржол станциясы – Алтай теміржол станциясы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 23 қазандағы
№ 703 қаулысына
2-қосымша

Атауларының транскрипциясы өзгертілуге тиіс теміржол станцияларының тізбесі

Жамбыл облысы бойынша

Бурул станциясы – Бурыл станциясы
Асса станциясы – Аса станциясы
Жума станциясы – Жұма станциясы
Каратау станциясы – Қаратау станциясы
Ақтаутас станциясы – Ақтаутас станциясы
Табак-Булак станциясы – Табақбұлақ станциясы
Жанатас станциясы – Жаңатас станциясы
Кумшагал станциясы – Құмшағыл станциясы
Акыр-Тюбе станциясы – Ақыртөбе станциясы
Курағаты станциясы – Қорағаты станциясы
Берлік-1 станциясы – Бірлік-1 станциясы
Жидели станциясы – Жиделі станциясы
Кияхты станциясы – Қияқты станциясы
Курмангазы станциясы – Құрманғазы станциясы
Карасай станциясы – Қарасай станциясы
Бурул-Байтал станциясы – Бурылбайтал станциясы
Мын-Арал станциясы – Мыңарал станциясы
Кок-Тобе станциясы – Көктөбе станциясы
Эспе станциясы – Еспе станциясы
Ала-Айғыр станциясы – Алаайғыр станциясы
Кулакшино станциясы – Құлақшын станциясы
Бель станциясы – Бел станциясы
Анрахай станциясы – Аңырақай станциясы
Курдай станциясы – Қордай станциясы
Чокпак станциясы – Шақпак станциясы
Сурум станциясы – Сүрім станциясы
Куркуреу-су станциясы – Күркіреусу станциясы
Қайратколь станциясы – Қайраткөл станциясы

Қарағанды облысы бойынша

Коктас станциясы – Көктас станциясы
Сары-Шаган станциясы – Сарышаған станциясы
Новалы станциясы – Науалы станциясы
Қаражынғыл станциясы – Қаражынғыл станциясы

Ащи су станциясы – Ащысу станциясы
Сары-Кум станциясы – Сарықұм станциясы
Майкудук станциясы – Майқұдық станциясы
Калагир станциясы – Құлайғыр станциясы

Қызылорда облысы бойынша

Аккум станциясы – Аққұм станциясы
Боройнак станциясы – Бөройнақ станциясы
Яныкорған станциясы – Жаңақорған станциясы
Жаилма станциясы – Жайылма станциясы
Ақмая станциясы – Ақмая станциясы
Байгакум станциясы – Бәйгеқұм станциясы
Бактысай станциясы – Бақтысай станциясы
Майлытоғай станциясы – Майлытоғай станциясы
Керкелмес станциясы – Керікелмес станциясы
Қараирим станциясы – Қараірім станциясы
Ақжар станциясы – Ақжар станциясы
Бостандық станциясы – Бостандық станциясы
Еңбекшиказах станциясы – Еңбекшіқазақ станциясы
Сапақ станциясы – Сапақ станциясы
Қарашеген станциясы – Қарашеген станциясы

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Тайнча станциясы – Тайынша станциясы

Түркістан облысы бойынша

Шорнак станциясы – Шорнақ станциясы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Балықты-Коль станциясы – Балықтыкөл станциясы
Талдынская станциясы – Талды станциясы
Шоптыхак станциясы – Шөптіқақ станциясы
Ушбийк станциясы – Үшбиік станциясы